

№ 194 от 30.07.2024



«БЕКТЕМІН»

Қызылорда медициналық жоғары
колледжі директоры

Ж.А.Калмақова Ж.А.Калмақова

«*28*» *08* 2025 жыл

**Қызылорда медициналық жоғары колледжі
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024) 2-қосымшасына сәйкес
(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар,
өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбиебағдарламасы)*

I. 2024 - 2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысына талдау есебі (SWOT)

II. Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» бағдарламасының идеясы:

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ұштаған ұғымы

Принципі: «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу»

III . «Адал азамат» негізіндегі тәрбие жұмысының мақсат, міндеттері, мазмұны:

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаны іске асыру тетіктері:

- Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме
- Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік
- бағдарламаларды әзірлеу
- Сынып-кураторлық жүйе шеңберінде құндылықтарды қалыптастыру, яғни сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар
- Бағдарламаның құндылық бағдарларына сәйкес жалпы іс-шаралардың мазмұнын кеңейту
- Тәрбие процесіне отбасы мен қоғамдық ұйымдарды тарту
- Бағдарламаны іске асыруды тұрақты ішкі бақылау және тиімділігін бағалау

Бағдарлама мазмұны:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
 Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
 Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
 Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
 Қаңтар – заң және тәртіп айы;
 Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Күнделікті іс-шаралар:

«**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, т.б.

«**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың бірі бойынша баласымен күнделікті жеке әңгімелесу өткізуі.

«**Үнемді тұтыну**» – жадынамалар, нұсқаулықтар және т.б. арқылы суды, азық-түлікті, энергияны және табиғи ресурстарды тұтыну бойынша күнделікті іс-әрекеттер арқылы табиғи ресурстарға (су, энергия) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«**Күй күмбірі**» – күйлерді қоңыраулардың орнына пайдалану, сондай-ақ үлкен қоңырауларда күй қосып қою.

Апталық іс-шаралар:

«**Менің Қазақстаным**»: оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

«**Аптаның дәйексөздері**» – мақал-мәтелдер, халық даналығы, тәрбиелік мәні бар көрнекті тұлғалардың нақыл сөздері *оқудан тыс бүкіл ұйымның қызметі*. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде Led-экрандарда, тақталарда орналастырылады.

«**Қауіпсіздік сабағы**» – білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз жүріс-тұрысын сақтауы, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін, тіршілік қауіпсіздігі негіздерін сақтау мақсатында сынып сағаты аясында *10 минут қауіпсіздік сабағы* өткізілсін.

Апта сайын сынып сағаттарын өткізу аясында білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүзеге асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі профилактикалық іс-шаралар біріктіріледі:

- ✓ Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;
- ✓ Буллингтен қорған!
- ✓ Ойынға салауатты көзқарас;
- ✓ Өмірге салауатты қадам;

- ✓ Қоғамдық мүлікті қорға!
- ✓ Қауіпсіз қоғам.

2025-2026 оқу жылындағы атаулы күндер тізбесі

Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер **Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына 180 жыл** (10.08.1845–1904).

Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының батыры **Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 110 жыл** (15.11.1915–2.11.1973)

Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері **Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл** (21.11.1885–05.10.1935).

Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы **Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл** (24.11.1895–05.03.1983)

Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф **Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл** (1835–1865)

Халық қаһарманы, жазушы **Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл** (24.12.1910–10.06.1982).

Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы **Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл** (1846–1945)

Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі **Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына 160 жыл** (25.03.1866–1937).

Педагог, қоғам қайраткері **Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына 120 жыл** (29.04.1906–1968).

IV. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

ұлттық және мәдени бірегейлікті түсіну;

мемлекеттің тарихи және мәдени мұрасын, дәстүрлерін, мерекелерін құндылық ретінде бағалау;

мемлекеттік тілді жетік меңгеруге және оны белсенді қолдануға ұмтылу;

отандық және әлемдік мәдениетті танудың құралы ретінде оқуға деген тұрақты қызығушылық;

Отанын қорғауға дайын болу, халық пен мемлекеттің егемендігі мен қадір-қасиетін дәлелді түрде қорғай білу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

жағдаятты өз бетінше талдау, таңдау жасау және шешім қабылдау;

өз елінің тарихы, мәдениеті, дәстүрлері мен жетістіктері туралы кеңейтілген білімінің болуы;

халықпен/ мемлекетпен бірлікті және өз мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті түсіну;

елдегі және әлемдегі оқиғаларды объективті бағалау үшін ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білу;

ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал ететін мемлекеттік тілді еркін меңгеру;

еңбек нарығындағы жоғары кәсіби дағдылар мен бәсекеге қабілеттілік;

Қазақстанның тәуелсіздігін халықаралық аренада аргументті қорғауға дайын болу.

Құндылық: бірлік және ынтымақ

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

Жалпы орта мектеп түлегі:

әлеуметтік, іскерлік және ресми контексте жалпы және ұлттық этикет нормаларын қолдану;

ортақ мақсатқа жету үшін басқалармен бірлесіп әрекет ету және өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындау;

басқа адамның сезімін және эмоционалды жай-күйін түсіну;

қоғамның игілігіне, қоршаған ортаны қорғауға және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған

іс-әрекеттер мен шешімдерде қоғам алдындағы міндеттерді жүзеге асыру және орындау;

мектептегі және мектептен тыс іс-шаралар мен волонтерлік қызметте басқаларға көмектесуге және қоғамдық пайдалы істерге қатысуға дайын болу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде өз мінез-құлқын сыни тұрғыдан бағалау және түзету;

өзара сыйластық пен ынтымақтастықты көрсете отырып, өз көзқарастарын білдіру;

ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете отырып, командада тиімді жұмыс істеу;

басқа (соның ішінде қарама-қарсы) идеялар мен пікірлерді қабылдау;

қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, жанжалды жағдайларды шешуде келісімге келу.

Құндылық: әділдік және жауапкершілік

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Жалпы орта мектеп түлегі:

нәсіліне, жынысына, жасына, дініне және басқа да ерекшеліктеріне байланысты кемсітусіз барлық адамдар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа ала білу;

әр адамның еңбегін мен қадір-қасиетін әділ бағалау, оның жеке басына құрмет көрсету және қарым-қатынаста сыпайылық таныту қағидаттарын басшылыққа ала білу;

қаржылық, материалдық және уақыт ресурстарын ұтымды және ұқыпты қолдану;

белгіленген стандарттардың, нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және оған сәйкес әрекет ету;

тапсырманы жоспарланған мерзімге сәйкес уақытылы және сапалы орындау.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйым түлегі:

белгілі бір процестің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттерінің теңдігін ескере отырып, өзінің және басқалардың әрекеттерін бағалау;

ортақ нәтижеге жетуде әрбір тапсырманың маңыздылығын түсіну, өзіне жүктелген міндеттерді сапалы және мерзімінде орындау;

белгіленген стандарттарға, нормалар мен ережелерге сәйкес жұмыс істей білу, олардың орындалуын қамтамасыз ету;

өз жұмысының нәтижелері үшін жауап беруге, сын пікірді қабылдауға және түзетуге дайын болу;

тапсырмаларды жоспарға сәйкес сапалы және уақытылы орындау.

Құндылық: заң және тәртіп

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

өз ойларын, эмоцияларын және мінез-құлқын бақылау, қоғамдық игілік мүддесі үшін күнделікті жағдайларда белгіленген ережелер мен рәсімдерді, үйлесімді әлеуметтік қатынастарды сақтау;

моральдық принциптер мен нормаларды және оқу-танымдық іс-әрекеттегі адал мінез-құлықты ұстану;

тұрақты даму принциптерін өмір салтына айналдыру, баламалы энергия көздерін пайдалану, табиғи ресурстарды үнемді тұтыну;

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

заң мен құқықтық актілерді дұрыс түсіндіру және білу;

алынған құқықтық білімді нақты өмірде, нақты практикалық жағдаяттарды шешуде дербес қолдана алу;

қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау үшін құқықтық нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет ету;

жағдайларды заңдылық пен этика тұрғысынан бағалау және негізделген шешімдер қабылдай алу қабілетінің болуы.

Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Жалпы орта мектеп түлегі:

тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті академиялық және техникалық, заманауи технологиялар мен әдістер туралы білімінің болуы;

өзін-өзі ұйымдастыру, міндеттерге басымдық беру, жұмыс уақытын жоспарлау;

нәтижелерге қол жеткізу және жақсарту үшін күш салуға дайын болу;

еңбек әдебі мен сапа стандарттарын түсіну;

дамуға және оқуға үнемі ұмтылу.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

елдің, қоғамның дамуы үшін өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелері мен үлесін бағалау;

қазіргі қоғамдағы еңбектің әлеуметтік-экономикалық және саяси маңыздылығын түсіну;

отбасында, мектепте, туған өлкеде әлеуметтік маңызды әрекеттерге қатысу;

еңбек әрекетінің ерекшелігін түсіну, еңбек қатынастарын реттеу, өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі дамытудың маңызын түсіну;

жеке өмірлік жоспарларды, қажеттіліктерді ескере отырып, одан әрі білім алуға және кәсіби қызмет

нұсқаларын саналы түрде таңдауға дайын болу.

Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Жалпы орта мектеп түлегі:

зерттеу жүргізу және ғылым тәсілді қолдану қабілеті;

ақпаратты талдау және бағалау;

жаңа идеяларды ұсыну;

заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды меңгеру;

мақсаттарға жету үшін бастаманы ұсыну, жаңа мүмкіндіктер

іздеу

және идеяларды

іске

асыру барысында ресурстарды тиімді пайдалану.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының түлегі:

әлемнің қазіргі ғылымы бейнесі, ғылым мен техниканың жетістіктері туралы білу;

ғылымның қоғам өміріндегі маңызы туралы түсінігін сауатты, дәлелді жеткізе білу;

себеп-салдарлық және құрылымдық-функционалдық талдау элементтерін қолдана білу,

неғұрлым күрделі нақты байланыстар мен олардың тәуелділіктерін зерттей алу;

сыни ойлау, сенімді ғылыми ақпаратты анықтау және ғылымға қарсы идеяларды сыни талдай алу дағдыларының

болуы;

фактілерді байқау, жинақтау және жүйелеу,

жаратылыстану және гуманитарлық салаларында,

зерттеу қызметінде тәжірибені түсіну.

Күтілетін нәтижелер оқу-тәрбие процесін іске асырудың тиімділігін мониторингтеу және бағалау үшін негіз болып табылады.

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары**

**2025- 2026 жылдарға арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі
Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен КЕШЕНДІ ЖОСПАР**

№	Іс - шара атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты мемлекеттік орган/ұйым	Жауапты орындаушы (бірлесіп орындаушы)
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ					
1	Профилактикалық жұмыс кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде профилактикалық жұмыстар	Профилактикалық іс-шара	Қыркүйектің 1-2 аптасы	Облыстық/қалалық/аудандық прокуратура Жергілікті полиция қызметі басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологі
2	Профилактикалық жұмыс «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!»	Профилактикалық іс-шара	Қыркүйектің 3-4 аптасы	Жергілікті полиция қызметі басқармасы Облыстық жастар денсаулық орталығы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологі
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ					
1	Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық-зомбылықсыз өмір»	Сынып сағаты (9-11 сынып)	Қазанның 2 аптасы	Облыстық/қалалық/аудандық прокуратура Жергілікті полиция қызметі басқармасы Облыстық жастар денсаулық орталығы	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып

				Облыстық психологиялық қолдау орталығы	
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ					
1	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Жоспар, кестеге сәйкес	Жергілікті полиция қызметі басқармасы Облыстық жастар денсаулық орталығы Жастар ресурстық орталығы	Сынып жетекшілерінің сыныпшылық және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысы
2	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Қарашаның 4 аптасы	Облыстық денсаулық сақтау басқармасы Облыстық жастар денсаулық орталығы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп
3	Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік	Сынып сағаты	Қарашаның 4 аптасы	Жергілікті полиция қызметі басқармасы Облыстық жастар денсаулық орталығы Жастар ресурстық орталығы	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ АЙЫ					
1	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Жоспар, кестеге сәйкес	Жергілікті полиция қызметі басқармасы Облыстық төтенше жағдай департаменті	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ					
1	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Жоспар, кестеге сәйкес	Жергілікті полиция қызметі басқармасы Облыстық төтенше жағдай департаменті	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілерінің сыныпшылық және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысы
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ					
1	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Ақпан айының 1 аптасы	Облыстық жастар денсаулық орталығы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып

					жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп
2	Қауіпсіз қоғам	Алдын алу іс-шарасы	Ақпан айының 3 аптасы	Облыстық/қалалық/аудандық прокуратура	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ					
1	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Наурыздың 1 аптасы	Жергілікті полиция қызметі басқармасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп
СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ					
1	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Сәуірдің 2 аптасы		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп
2	Оқушылардан бопсалау мен әлімжеттік және буллинг бойынша сауалнама алу	Сауалнама алу	Сәуір		Мектеп психологтары, денсаулық мекемесі, білім, полиция бөлімдері
3	Жоғарғы сынып оқушылары және олардың ата-аналары арасында заманауи синтетикалық есірткілердің дәріханалық, нашақорлық проблемаларын және есірткі, психикалық белсенді заттардың заңсыз айналымының	Сала мамандарымен кездесу	Сәуір		ДТЖЖО Психологтар Сала мамандары

	кұқықтық салдарын түсіндіру бойынша сала мамандарымен кездесу				
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТІМАҚ АЙЫ					
1	Жасөспірімдер ортасындағы вандализмнің алдын алу	Профилактикалық іс-шара	Мамырдың 3-4 аптасы		Мүдделі органдармен бірлесіп
2	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Мамырдың 3 аптасы		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп
3	Жасөспірімдер ортасындағы вандализмнің алдын алу	Профилактикалық іс-шара	Мамырдың 3-4 аптасы		Мүдделі органдармен бірлесіп

**«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары**

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған тәрбие жұмысының жоспары				
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР				
№	Қызмет түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарын құру және бекіту	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарының жоспары	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары	Тамыз-қыркүйек
2	Құқықбұзушылықтың алдын-алу профилактикасы кеңесінің жоспары Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша кәмелетке толмағандар арасында 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары	Жоспар, бұйрық	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары	Тамыз -қыркүйек
3	Діни тәрбиеде оқитын білім алушылар жайлы мәліметтер	Анықтама	Директордың тәрбие жұмыстары	Жыл бойы

	жинау		жөніндегі орынбасары	
4	2025-2026 оқу жылы бойынша колледж түлектерінің жоғары оқу орындарына түсуі және әскер қатарына алынуы, жұмысқа орналасуы туралы анықтамалық ақпарат жинау	Анықтама	Колледж әкімшілігі директордың өндіріс жұмыстары жөніндегі орынбасары	Тамыз -қыркүйек
5	Ата-аналар жиналыстары, ата-аналар комитеттерінің сайлануы	Хаттама	Әлеуметтік педагог, топ жетекшілер	Жыл бойы
6	Колледждің әлеуметтік паспортын жасау	Хаттама	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
7	Білім алушылардың сабаққа қатысуын күнделікті бақылау	Келушілерді есепке алу журналы	Колледж әкімшілігі	Жыл бойы
8	Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру	Хаттама	Сала басшылары	Жыл бойы
9	Деректер базасын қалыптастыру (әлеуметтік карта, білім алушылар, ата-аналар)	Мәліметтер базасы	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
10	Білім алушылардың қызығушылықтары бойынша үйірмелер мен секция жұмыстарын ұйымдастыру	Үйірмелер кестесі. Бұйрық	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары	Қыркүйек

11	Профилактика кеңесінің отырысы	Хаттама	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог	Әр айдың соңғы аптасы
----	--------------------------------	---------	---	-----------------------

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

Р/с	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімдері
1	<p><i>1 қыркүйек - Білім күні</i> «Мектебім – мейірім мекені» республикалық интервью-челленджі 1. Білім күніне арналған салтанатты жиын. « » тақырыбында</p> <p><i>I-II курс білім алушылары:</i> «Арманым мен мақсатым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) . 2. «Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері» I курс студенттеріне арналған тақырыптық сағат. 3. «Адал адам. Адал еңбек. Адал</p>	<p><i>Салтанатты іс-шара</i></p> <p><i>/топ сағаты/</i></p>	<p><i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері</i></p>	<p><i>Қыркүйекайының I аптасы</i></p>

	<i>табыс!».</i> Тәрбие сағаттары (2, 3 курстар)			
2	«Тілім менің - асыл мұрам» Этно-форум	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы іс-шара, әлеуметтік желілерде жариялау, жұмыс материалдары	Қазақ, орыс, шет тілі мамандары	Қыркүйек айының 1 аптасы
3	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру «Балалар буллинг, кибербуллингтің құрбаны болғанда не істеу керек?» тренинг	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері, педагог-психолог	Қыркүйек айының 1 аптасы
4	1. «Бақытты отбасы - берекелі ел» отбасылық кеш 2.«Қыз бала – отбасының шырайы». Қыздар кеңесі. 3.«Отбасым – менің мерейім». Ұлттық құндылықтар студенттер көзімен. Психологиялық тренинг 4. «ДосболLIKE»– буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.	Отбасы күніне арналған іс-шара	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілер, педагог психолог	Қыркүйек айының 2 аптасы
5	Спорттық/ұлттық ойындар ұйымдастыру және өткізу. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»	Әлеуметтік желілерде жариялау, спорт жарыстарының	Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі	Қыркүйек айының

	(«алдын алу шаралары»)	хаттамалары, анықтамалары	орынбасары, топ жетекшілер, Дене шынықтыру мұғалімдері	Заптасы
6	«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде...» Құқық қорғау органының қызметкерлерімен кездесу («алдын алу шаралары»)	Хаттама, әлеуметтік желілерде жариялау, анықтама	Директордың оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, құқық қорғау органы қызметкерлері	Қыркүйек айының Заптасы
7	“Қолыңнан келсе - кәсіп ем” білім алушылар арасында өткізілетін питчинг алаңы	Еңбек күніне арналған жаппай тәрбиелік іс- шара	Кәсіпкерлік негіздері пән оқытушылары	Қыркүйек айының 4 аптасы
8	Колледждің жалпы ата-аналар жиналысы: 1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы және алдағы міндеттерді анықтау. 2. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы» . Ата-аналарға арналған семинар 3.Профилактикалық жұмыс кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жоспарды іске асыру шеңберінде «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!»	Хаттама Профилактикалық жұмыс	Колледж әкімшілігі, кураторлар, психолог, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып	Қыркүйек айының 3-4 аптасы
9	«Студенттік өмір – жарқын сәттер кезеңі» . Студенттер қатарына салтанатты қабылдау шарасы	Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау	Директордың оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар,	Қыркүйек айының 4 аптасы

			<i>жастар істері жөніндегі инспектор</i>	
10	<p>«Абай мұрасына саяхат» тақырыбындағы облыстық әдеби-танымдық фестиваль</p> <p><i>Қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, саяси қайраткер Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың туғанына - 180 жыл</i></p>	<i>Атаулы күн иесіне арналған колледжішілік іс-шара, топ сағаттары</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, топ жетекшілер</i>	<i>Жыл бойы</i>
11	<p>Білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру жұмысын түсіндіру</p> <p><i>Білім алушылардың кәсіп таңдау және мансап құру процесінде өз рөлі мен жауапкершілігін түсінуге бағыттау, таңдалған кәсіби өріс және олардың болашақтағы орны туралы нақты түсінік</i></p>	<i>Жылдық жоспар</i>	<i>Колледж әкімшілігі Топ жетекшілері, арнайы пән оқытушылары</i>	<i>Жыл бойы</i>
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық				
<p><i>1 қазан – Халықаралық қарттар күні</i> <i>5 қазан – Мұғалімдер күні</i> <i>24 қазан – Кітапханашылар күні</i> <i>25 Қазан – Республика күні</i></p>				
1	<p><i>Халықаралық қарттар күніне арналған шаралар:</i> «Қарттарын қадірлеген ел ардақты». «Қоғамға қызмет ету»</p>	<i>волонтерлық акциясы</i>	<i>пән мұғалімдері, топ жетекшілері, жастар ұйымы</i>	<i>Қазан айының 1 аптасы</i>

	<i>волонтерлық акциясы («Қамқор» жобасы)</i>			
2	<i>Кәсіптік техникалық білім беру қызметкерлері күні</i> <i>Жұмысшы мамандықтар жылы аясында облыс көлеміндегі Еңбек ерлерді насихаттау</i>	<i>Еңбекнарығының жа й- күйі: Жаңа мамандық таратпасының өңірл ікерекшеліктеріне ск ереотырып, бос жұм ысорындарын, білікт ілікке қойылатын тал аптарды, әртүрлі салалар мен кәсіптердің даму перспективаларын қоса алғанда, еңбекна рығының ағымдағы жа й- күйі туралы деректер ді ұсыну.</i>	<i>Директордың оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, жастар істері жөніндегі инспектор</i>	<i>Қазан айының 1 аптасы</i>
3	<i>«Ұстаз – мәңгі нұрдың қызметшісі» Мұғалімдер күніне арналған іс-шара (жеке жоспар бойынша)</i>	<i>Жоспар, іс-шара</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілер, пән мұғалімдері, колледждің өзін-өзі</i>	<i>Қазан айының 1 аптасы</i>

			<i>басқаруы.</i>	
4	<i>«Даналық ұстаздан» челленджі. Мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғаліміне арналған бейне хабарлама түсіру челленджі («Шабыт» жобасы)</i>	<i>Мұғалімдер күніне арналған челлендж</i>	<i>Топ жетекшілер, студенттік парламент ұйымы</i>	<i>Қазан айының 1 аптасы</i>
5	<i>«Күзгі асар» жәрмеңкесі. Күзгі егіннің табиғи материалдары көркем сыйларын пайдалана отырып, қолөнер бұйымдарынан көрме жасау. («Еңбегі адал – жас өрен» жобасы)</i>	<i>Жәрмеңке</i>	<i>Топ жетекшілер</i>	<i>Қазан айының 2 аптасы</i>
6	<i>«Іс-әрекет уақыты» Республикалық білім алушылар өзін-өзі басқару көшбасшыларының балалар құрылтайына қатысу</i>	<i>Құрылтай материалдары, әлеуметтік желіге жариялау</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, топ жетекшілері,</i>	<i>Қазан</i>
7	<i>“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жүлдесіне арналған “Сыр лигасы” жобасы сайыстарының аудандық, қалалық кезеңдері</i>	<i>“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”, “Ана туралы жыр” хор байқауы, “Футбол”, “Жайдарман”, “Алғашқы әскери лига” сайыстары</i>	<i>Қалалық, аудандық білім бөлімі</i>	<i>Қазан айы</i>
8	<i>Колледж парламентінің президентін сайлау</i>	<i>Сайлау материалдары, әлеуметтік желіге жариялау</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, колледж</i>	<i>Қазан айының 3 аптасы</i>

			парламенті жоба жетекшісі	
9	«Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады». Дебат. «Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Әдістемелік әзірлеме, әлеуметтік желілерде жариялау	Колледждің студенттік басқару ұйымы	Қазан айының 3 аптасы
10	Республикам менің, мақтанышым, мерейім! шарасы	Республика күніне арналған жалпы іс-шара/сынып сағаты	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, топ жетекшілер	Қазан айының 4 аптасы
11	«Республика күнін мерекелеу қарсаңында ажасақындар сайысы	Ақындар айтысы	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілер, мәдени мекемелермен бірлесіп	Қазан айының 4 аптасы
12	Кітап сарқылмас-қазына!	Кітапханашылар күніне арналған жалпы іс-шара	кітапханашы	Қазан айының 4 аптасы
13	I-II-III курс білім алушылары арасында «Құмар ойындарының зардабы және қаржылық сауаттылық» дебат, ашық сабақ «Компьютерлік ойындардың зияндылығы» бірыңғай топ сағаттары	Фотосесеп, әлеуметтік желіде жариялау Құмар ойындарымен бәстесудің зияны, қаржылық сауаттылық туралы жадынамалар тарату	ДТЖО колледж психологтары топ жетекшілері	Қазан айының 2-4 аптасы
14	Жазушы, қоғам қайраткері, Кеңес	Атаулы күн иесіне арналған колледжішілік	Директордың тәрбие жұмыстары	Қазан айының 4 аптасы

	<i>Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің туғанына - 110 жыл</i>	<i>іс-шара, топ сағаттары</i>	<i>жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, топ жетекшілер</i>	
15	<i>Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық-зомбылықсыз өмір»</i>	<i>Топ сағаты (I-II-IIIкурс)</i>	<i>Топ жетекшілер мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып</i>	<i>Қазан айының 4 аптасы а</i>
16	<i>«Worldskills Kazakhstan – 2025» ұлттық чемпионатының Республикалық кезеңіне қатысатын білім алушылардың дайындық деңгейін жүйелеу, ұйымдастыру, психологиялық, әдістемелік сүйемелдеу</i>	<i>Чемпионатқа қатысушы білім алушылардың жұмысшы мамандықтары бойынша нәтижесі, әлеуметтік желіге жариялау</i>	<i>Директордың оқу-тәрбие жұмысы, оқу өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасарлары, профиль бойынша жауапты мамандар</i>	<i>Қазан айының 4 аптасы</i>
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
<i>15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні</i>				
<i>16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні</i>				
1	<i>«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» топ сағатын өткізу</i>	<i>топ сағаты</i>	<i>Топ жетекшілері</i>	<i>Қараша айының 1 аптасы</i>
2	<i>Дебат “Әділдік пен жауапкершілік - тұлғаның басты қасиеті”</i>	<i>Ұшқыр ой алаңы</i>	<i>Жастар ұйымы</i>	<i>Қараша айының 1 аптасы</i>
3	<i>“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша облыс әкімінің жұлдесіне арналған “Сыр лигасы” жобасы сайыстарының</i>	<i>“Ана тілі аруы”, “Зияткер отбасы”, “Жігіттердің сұлтаны”, “Отбасылық волейбол”,</i>	<i>Қызылорда облысы білім басқармасының “Тәрбие, спорт және қосымша білім беру”</i>	<i>Қараша</i>

	<i>облыстық кезеңі</i>	<i>“Ана туралы жыр” хор байқауы, “Футбол”, “Жайдарман”, “Алғашқы әскери лига” сайыстары</i>	<i>орталығы</i>	
<i>4</i>	<i>15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні</i>	<i>Топ сағаты</i>	<i>Топ жетекшілері</i>	<i>Қараша айының 2 аптасы</i>
<i>5</i>	<i>«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны</i>	<i>Зияткерлік ойын</i>	<i>Дебат жетекшісі</i>	<i>Қараша айының 2 аптасы</i>
<i>6</i>	<i>TEDx форматындағы «Startup» байқауы: Инновациялық идеялардың презентациясы. («SMART BALA» жобасы) «Startup» байқауы</i>	<i>Байқау</i>	<i>Топ жетекшілері Өзін-өзі басқару ұйымы</i>	<i>Қараша айының 3 аптасы</i>
<i>7</i>	<i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Топ сағаты</i>	<i>Топ жетекшілер және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысы</i>	<i>Жоспар, кестеге сәйкес</i>
<i>8</i>	<i>Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Алдын алу іс-шарасы</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп</i>	<i>Қараша айының 4 аптасы</i>
<i>9</i>	<i>Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік</i>	<i>Топ сағаты</i>	<i>Топ жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп</i>	<i>Қараша айының 4 аптасы</i>
<i>10</i>	<i>Қазақтың тұңғыш романының авторы,</i>	<i>Атаулы күн иесіне</i>	<i>Директордың тәрбие</i>	<i>Қараша</i>

	<i>ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына - 140 жыл</i>	<i>арналған колледжішілік іс-шара, топ сағаттары</i>	<i>жұмыстары жөніндегі орынбасары, мұғалімдері, жетекшілер</i>	<i>пән топ</i>
11	<i>Вейптерден бас тартудың себептері. Электронды темекілердің химиялық құрамы</i>	<i>Дебат профилактикалық акция</i>	<i>Студенттік парламенті Топ жетекшілер</i>	<i>Қараша</i>
12	<i>Интернетке, компьютерге және ойынға тәуелділікті анықтау бойынша тест сауалнама ұйымдастыру</i>	<i>Қорытындысы бойынша жұмыс жасау.</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, жетекшілер, психолог</i>	<i>Қараша топ</i>
13	<i>Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Ысқақұлы Бегалиннің туғанына 130 жыл</i>	<i>Атаулы күн иесіне арналған мектепішілік іс-шара, сынып сағаттары</i>	<i>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мұғалімдері, жетекшілер,</i>	<i>Қараша пән топ</i>
14	<i>2025 жыл - Жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Мамандықтар әлемі». Бейнероликтер, презентациялар байқауы («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)</i>	<i>Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау</i>	<i>Директордың өндіріс жұмыстары жөніндегі орынбасары,</i>	<i>Қараша</i>
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
<i>5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні</i>				
<i>16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні</i>				
1	<i>«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы</i>	<i>Білім беру ұйымындағы тазалықты қолдау</i>	<i>Топ жетекшілер</i>	<i>Желтоқсан айының 1 аптасы</i>

	<i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>акциясы</i>		
2	<i>«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі</i>	<i>Челлендж</i>	<i>Студенттік парламент ұйымы</i>	<i>Желтоқсанның 2 аптасы</i>
3	<i>Балалар кітапханасы</i>	<i>Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы</i>	<i>Топ жетекшілер</i>	<i>Желтоқсанның 2 аптасы</i>
4	<i>“Тәуелсіздік - ең қымбат құндылық”</i>	<i>Интеллектуалдық ойын</i>	<i>Тарих пән оқытушылары, топ жетекшілер</i>	<i>Желтоқсанның 3 аптасы</i>
5	<i>«Ұшқыр ой алаңы» дебаты</i>	<i>Дебат клуб жұмысы</i>	<i>Дебат жетекшісі</i>	<i>Желтоқсанның 3 аптасы</i>
6	<i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Топ сағаты</i>	<i>топ жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп</i>	<i>Жоспар, кестеге сәйкес</i>
7	<i>«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Топ сағаты</i>	<i>Топ жетекшілері</i>	<i>Желтоқсанның 3 аптасы</i>
8	<i>Психолог кеңесі Буллингтің құрбаны болмаудың 10 себебі</i>	<i>Психолог кеңесі</i>	<i>Колледж психологтары, топ жетекшілері, ДТЖЖО</i>	<i>Желтоқсанның 4 аптасы</i>
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
<i>1 қаңтар – Жаңа жыл</i>				
1	<i>Мамандықтар марафоны</i>	<i>Байқау</i>	<i>Көркем еңбек, информатика, робототехника мұғалімдері</i>	<i>Қаңтардың 2 аптасы</i>
2	<i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ».</i>	<i>Сынып сағаты</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары</i>	<i>Жоспар, кестеге сәйкес</i>

			<i>жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысы</i>	
3	<i>«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны</i>	<i>Зияткерлік ойын</i>	<i>Пән оқытушылары</i>	<i>Қаңтардың 3 аптасы</i>
4	<i>Қазақ поэзиясының алыбы, ақын, ұлы жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына - 180 жыл</i>	<i>Атаулы күн иесіне арналған мектепшілік іс-шара, сынып сағаттары</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер</i>	<i>Қаңтар</i>
5	<i>«Заң және Тәртіп» құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Топ сағаты</i>	<i>топ жетекшілер</i>	<i>Қаңтардың 4 аптасы</i>
6	<i>«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауы</i>	<i>Байқау</i>	<i>Информатика, жаһандық құзыреттілік мұғалімдері</i>	<i>Қаңтардың 4 аптасы</i>
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
<i>14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні</i>				
<i>Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні</i>				
1	<i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Алдын алу іс-шарасы</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі</i>	<i>Ақпан айының 1 аптасы</i>

			<i>орынбасары, топ жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп</i>	
2	<i>«Ұшқыр ой алаңы» дебаты</i>	<i>колледж дебат клубы</i>	<i>Жастар ұйымы</i>	<i>Ақпан айының 1 аптасы</i>
3	<i>Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>топ сағаты</i>	<i>топ жетекшісі</i>	<i>Ақпан айының 2 аптасы</i>
4	<i>«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі</i>	<i>Челлендж</i>	<i>Кітапханашы, Колледждің өзін-өзі басқару ұйымы</i>	<i>Ақпан айының 2 аптасы</i>
5	<i>Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Алдын алу іс-шарасы</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп</i>	<i>Ақпан айының 3 аптасы</i>
6	<i>«Startup» байқауы</i>	<i>Байқау</i>	<i>Топ жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы</i>	<i>Ақпан айының 3 аптасы</i>
7	<i>Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Топ сағаты</i>	<i>Топ жетекшілер</i>	<i>Ақпан айының 4 аптасы</i>
8	<i>Заңды білу міндет, сақтауымыз-парыз</i>	<i>Құқықтық тәрбие сағаты</i>	<i>топ жетекшілер</i>	<i>Ақпан айының 4 аптасы</i>

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

<i>21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі</i> <i>30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні</i>				
<i>1</i>	<i>«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Топ сағаты</i>	<i>Топ жетекшілері</i>	<i>Наурыз айының 1 аптасы</i>
<i>2</i>	<i>Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	<i>Алдын алу іс-шарасы</i>	<i>Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп</i>	<i>Наурыздың 1 аптасы</i>
<i>3</i>	<i>«Ананың аялы алақаны» челленджі</i>	<i>Челлендж</i>	<i>топ жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы</i>	<i>Наурыздың 2 аптасы</i>
<i>4</i>	<i>«Ұлттық мәдениет» көрмесі</i>	<i>Көрме</i>	<i>Мамандықтар шеруі, топ жетекшілері мектептің өзін-өзі басқару ұйымы</i>	<i>Наурыз айының 2 аптасы</i>
<i>5</i>	<i>Мектеп театры</i>	<i>Театр қойылымы</i>	<i>Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері,/тілдік пәндер мұғалімдері, өзін-өзі басқару ұйымы</i>	<i>Наурыздың 3 аптасы</i>
<i>6</i>	<i>«Күй күмбірі» Наурыз мерекесі аясында күйлерорындау(таңдаубойынша).</i>	<i>Домбырашылар челленджі</i>	<i>жастар ұйымы</i>	<i>Наурыздың 3 аптасы</i>

7	«Жер сағаты» экологиялық акциясы	Акция	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/онкүндігі шеңберінде пән мұғалімдері	Наурыздың 4 аптасы
8	Наурыз – жыл басы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Топ сағаты	Топ жетекшілері	Наурыздың 3 аптасы
9	Қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың туғанына - 160 жыл	Атаулы күн иесіне арналған колледжішілік іс-шара, топ сағаттары	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, топ жетекшілер	Наурыз
10	«Worldskills Kazakhstan – 2026» ұлттық чемпионатының аймақтық кезеңіне қатысатын білім алушылардың дайындық деңгейін жүйелеу, ұйымдастыру, психологиялық, әдістемелік сүйемелдеу	Чемпионатқа қатысушы білім алушылардың жұмысшы мамандықтары бойынша нәтижесі, әлеуметтік желіге жариялау	Директордың оқу-тәрбие жұмысы, оқу өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасарлары, профиль бойынша жауапты мамандар	Наурыз 4 аптасы

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1	Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Топ сағаты	Топ жетекшілер	Сәуірдің 1 аптасы
2	«Біз таңдаған кітаптар» білім алушылар арасында кітап күнін өткізу	Топ сағаты	Топ жетекшілер	Сәуірдің 1 аптасы
3	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Сәуірдің 2 аптасы
4	Көрнекті ағартушы, тарихшы, публицист, лингвист, географ, музыка зерттеуші, археолог, этнограф Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына - 190 жыл	Атаулы күн иесіне арналған іс-шара, топ сағаттары, танымдық сабақтар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері,	Сәуірдің 4 аптасы
5	Педагог, қоғам қайраткері Ахмет Қуанұлы Жұбановтың туғанына - 120 жыл	Атаулы күн иесіне арналған іс-шара, сынып сағаттары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, топ жетекшілер	Сәуір
6	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Дебат	өзін-өзі басқару ұйымы	Сәуірдің 3 аптасы
7	«Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі	Челлендж	Топ жетекшілер өзін-өзі басқару ұйымы	Сәуірдің 4 аптасы
8	«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып	Шеберлік сынып	топ жетекшілері / педагог-психологтер	Сәуірдің 2 аптасы
9	Бір тартып көрудің зиянды салдары.	Дебат	Дебат жетекшісі, студенттік	Сәуір

	<i>Қозғалыста бол!</i>	<i>Профилактикалық акция</i>	<i>парламент ұйымы топ жетекшілер</i>	
10	<i>Оқушылардан бопсалау мен әлімжеттік және буллинг бойынша сауалнама алу</i>	<i>Сауалнама алу</i>	<i>психолог, денсаулық мекемесі, полиция бөлімдері</i>	<i>Сәуір</i>
11	<i>Колледж білім алушылары және олардың ата-аналары арасында заманауи синтетикалық есірткілердің дәріханалық, нашақорлық проблемаларын және есірткі, психикалық белсенді заттардың заңсыз айналымының құқықтық салдарын түсіндіру бойынша сала мамандарымен кездесу</i>	<i>Сала мамандарымен кездесу</i>	<i>ДТЖЖО Психологтар Сала мамандары</i>	<i>Сәуір</i>
12	<i>Білім алушылар арасында: Нашақор болмаудың 100 себебі</i> <i>Кәмелетке толмағандарды есірткі ортасына тартудың құқықтық салдары</i> <i>Нашақорлық пен есірткі құқықбұзушылықтың алдын алу</i> <i>Есірткісіз қоғам (спорттық шаралар), Салауатты өмір салтын насихаттау (флешмоб)</i>	<i>Дәріс сабағы</i> <i>Дебат/пікірталас</i> <i>Бейнесабақ көрсетілімі</i>	<i>ДТЖЖО Педагог психолог Дене шынықтыру мамандары, топ жетекшілері</i>	<i>4-аптасы</i>
13	<i>«Мен темекіні тастаймын!», «Біз темекі шегуге қарсымыз!», «Жастар темекіге қарсы» аймақтық акциялар ұйымдастыру</i>	<i>Фотосеп, әлеуметтік желіде жариялау</i>	<i>ДТЖЖО психолог Дене шынықтыру мамандары, топ жетекшілері</i>	<i>Сәуір</i>

14	Білім беру ұйымдарында ашылған Медиация кабинеттерінің жұмысымен танысу	Фотосесеп, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО Мектеп психологтары Дене шынықтыру мамандары, мектеп тәлімгері, сынып жетекшілері	Сәуір
15	Білім алушылар арасында: «Интернет қауіпсіздік» мектеп апталығы шеңберінде «Ақпараттық қауіпсіздік» ойынға тәуелділіктің теріс салдары туралы кәмелетке толмағандарға арналған ағарту шараларының кешенін іске асыру, профилактикалық шаралар ұйымдастыру «Интернеттегі форумдар мен чаттар» сынып сағаты, «Желілік байланыс этикасы» медиақауіпсіздік сабағы	Фотосесеп, әлеуметтік желіде жариялау	ДТІЖО психологтар Дене шынықтыру мамандары, топ жетекшілері	Сәуір
16	Қоғамдық мүлікті қорға! Ашық әңгіме	Профилактикалық іс-шара 1-11 сынып	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Сәуірдің 4 аптасы

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

<p>9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні</p>				
1	«Біз әртүрліміз, біз теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Топ сағаты	топ жетекшілер	Мамырдың 1 аптасы
2	«Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі	Фестиваль	АӘД пән мұғалімдері, топ жетекшілері,	Мамырдың 2 аптасы
3	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут))	топ сағаты	топ жетекшілері	Мамырдың 3 аптасы
4	Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілер мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Мамырдың 3 аптасы
5	Білімім – Отаныма! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Топ сағаты	топ жетекшілері	Мамырдың 4 аптасы
6	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы	Суреттер, фотосуреттер көрмесі	топ жетекшілері	Мамырдың 2 аптасы
7	Білім алушылар арасында: «Есірткіні «жасырып кетуші» деген кім?» аңгіме түріндегі дәріс сабағы «Зиянды әдеттерден аулақ бол!» бейнероликтер көрсетілімі	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері, қазақ тілі пәні бірлестігі, мектеп тәлімгері	
8	Медицина қызметкерлерімен бірлесе отырып «Электронды темекіден бас	Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау	Директордың тәрбие жұмыстары	Мамыр

	<i>тарту себептері», «Вейп туралы мифтер мен шындық», «Вейпинг.Бұл не және бұл хобби не үшін қауіпті?», «Кальян мен вейп шегудің зияны», «Абайлаңыз-электронды темекі», т.б денсаулық сабақтарын өткізу.</i>		<i>жөніндегі орынбасары, топ жетекшілері,</i>	
9	<i>«Интернет желісіндегі қауіпсіздік»</i>	<i>Фотоесеп, әлеуметтік желіде жариялау</i>	<i>ДТІЖО Дене шынықтыру мамандары, топ жетекшілері</i>	<i>Мамыр</i>
10	<i>Жасөспірімдер ортасындағы вандализмнің алдын алу</i>	<i>Профилактикалық іс-шара</i>	<i>Мүдделі органдармен бірлесіп</i>	<i>Мамырдың 3-4 аптасы</i>
Маусым - Жасампаздық және жаңашылдық				
<i>4 маусым – Мемлекеттік Рәміздер күні</i>				
1	<i>Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз». Кураторлық сағат</i>	<i>Әдістемелік әзірleme, әлеуметтік желілерде жариялау</i>	<i>Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог</i>	<i>Маусым айының 1 аптасы</i>
2	<i>Ел Рәміздері – елдігімнің реңі, теңдігімнің тірегі. Салтанатты шара</i>	<i>Сценарий, әлеуметтік желілерде жариялау</i>	<i>Директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар, психолог</i>	<i>Маусым айының 1 аптасы</i>
3	<i>«Таза сессия» акциясы</i>	<i>Хаттама</i>	<i>Топ жетекшілер</i>	<i>Маусым айының 1 аптасы</i>
4	<i>«Нашақорлық маған жат!». Құқық қорғау органы қызметкерлерімен,</i>	<i>Хаттама, сауалнама нәтижесі,</i>	<i>Директордың оқу-тәрбие жұмысы</i>	

	<i>нарколог-дәрігерлермен кездесу (алдын алу шаралары «Өмірге салауатты қадам»)</i>	<i>әлеуметтік желілерде жариялау</i>	<i>жөніндегі орынбасары, кураторлар, дәрігер- нарколог, жергілікті құзыретті орган өкілдері</i>	
<i>11</i>	<i>«Сәт сапар саған, Жас маман!»</i>	<i>Салтанатты жиын</i>	<i>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшілер Педагогикалық ұжым</i>	<i>Маусым айының 3-4 аптасы</i>